ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2023 жылғы 1 шілде № 4360-23-00-2/1215 іс Қызылорда қаласы

Қызылорда облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
судья А. Әбілқайысқызы,
оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен, қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Қызылорда» өңірлік инвестициялық орталығы» микроқаржылық ұйымы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

ЖАУАПКЕР:
«ORDA11» жеке кәсіпкері атынан әрекет етуші Жумабай Желимбетов

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану

ҚАРАР БӨЛІГІ:

Қазақстан Республикасының Азаматтық Процестік Кодексінің 267-4-баптарын басшылыққа алып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы «Қызылорда» өңірлік инвестициялық орталығы» микроқаржылық ұйымы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің жауапкер «ORDA11» жеке кәсіпкері атынан әрекет етуші Жумабай Желимбетовке мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тануды сұраған талап қоюы қанағаттандырылсын.

Жауапкер «ORDA11» жеке кәсіпкері атынан әрекет етуші Жумабай Желимбетов мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

Жауапкер «ORDA11» жеке кәсіпкері атынан әрекет етуші Жумабай Желимбетовтен мемлекет кірісіне 1 725 (бір мың жеті жүз жиырма бес) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы.

Scanned by TapScanner

Шешімге осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткен соң, ал егер арыз берілген жағдайда – сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзім ішінде апелляциялық тәртіппен тараптар шағым беруге, прокурор өтінішхат келтіруге құқылы.

Судья А.Әбілқайысқызы

көшірмесі дұрыс
Судья А.Әбілқайысқызы

Анықтама:
Шешім заңды күшіне енді «14» тамыз 2023 жыл.

Судья А.Әбілқайысқызы

Сот өндірісі
Судопроизводство
Кұжатка қол қойылған: Әбілқайысқызы А., 01.07.2023
1360-23-3-1/1302

Scanned by TapScanner